20390104403

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 5 қазан №6213-23-00-2/477 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.Е.Мұстафин
сот отырысының хатшысы М.А.Аяповтың қатысуымен
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Басшы Кайрат Булатович Жусупов тұлғасында жеке кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСТЫ:
Талап қоюшының өкілі Н.Д.Нығмет

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 15 мамырда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (тапсырыс беруші) және басшы Кайрат Булатович Жусупов тұлғасында жеке кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович (орындаушы) арасында № 05-02/277 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі – Шарт) және № 05-04/68 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалды (бұдан әрі – Шарт 1).

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 12.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Мустафин Д. Е., 15.11.2023
6213-23-3-1/572

Шарт бойынаш тауарды жеткізу мерзімі – өтінімді жолдаған мезеттен 16 күнтізбелік күн, өтінім 2023 жылғы 18 мамырда мемлекеттік сатып алу веб-порталмен жолданған.

Шарт 1 бойынша тауарды жеткізу мерзімі - өтінімді жолдаған мезеттен 16 күнтізбелік күн, өтінім 2023 жылғы 18 мамырда мемлекеттік сатып алу веб-порталмен жолданған.

Талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрайды.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, соттан оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған жауапкер мобильді байланыс құралдары арқылы қатысуға қосылмаған, сот отырысына келген жоқ.

Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 196-баптың бірінші бөлігіне сәйкес жауапкер болмаған кезде істі қарауды ұйғарып, келмеу себептерін құрметтемеушілік деп тапты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабы бойынша, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен Шарт және Шарт 1 жасасып, белгіленген мерзімде, яғни 2023 жылғы 5 маусымға дейін, тауарды жеткізуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерің толық орындамаған.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 403-404-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 12.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Мустафин Д. Е., 15.11.2023
6213-23-3-1/572

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер басшы Кайрат Булатович Жусупов тұлғасында жеке кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Басшы Кайрат Булатович Жусупов тұлғасында жеке кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы танылсын.

Басшы Кайрат Булатович Жусупов тұлғасында жеке кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович жергілікті бюджеттің кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот сатысына Ұлытау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруге құқылы.

Судья Д. Мұстафин

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Мустафин Д. Е., 15.11.2023

6213-23-3-1/572